

"Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитетінің Оңтүстік Қазақстан гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы" және "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитетінің Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2003 жылғы 24 ақпан N 189

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитетінің Оңтүстік Қазақстан гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы" және "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитетінің Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорындары "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Оңтүстік Қазақстан гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы" және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы" мемлекеттік мекемелері (бұдан әрі - Мекемелер) етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Мекемелер қызметінің негізгі мәні болып мыналар белгіленсін:

- 1) суармалы жерлерде байқаулар, инженерлік және топырақ-мелиоративтік іздестіру мен зерттеулер жүргізу;
- 2) суармалы жерлердің мелиоративтік жай-күйін бағалау және оларды жақсарту мен ұтымды пайдалану жөнінде ұсынымдар әзірлеу.

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Мекемелер жарғыларының бекітілуін және олардың әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

5. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Оңтүстік Қазақстан гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы" және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы" республикалық мемлекеттік

кәсіпорындарын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 маусымдағы N 722 қаулысы 5-тармағының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 26, 246-құжат) күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК